



ПОЗИТИВТІ АТА-АНА: МӘНІ, ҚАҒИДАТТАРЫ, КҮН ТӘРТІБІ: МАЗМҰНЫ

- Позитивті ата-ана: мәні, қағидаттары, мазмұны / презентация
- 2023-2024 оқу жылындағы оқушы ережесі, міндеттері, қауіпсіздігі. Баяндаушы сынып жетекшісі
- Әртүрлі мәселер





МІНДЕТТЕР:

- АТА-АНАЛАРДЫҢ БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТҮСІНУГЕ ЖӘНЕ СҮЙІСПЕНШІЛІККЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕ СТИЛІН ҚОЛДАНУ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ АУДАРУ;
- ПОЗИТИВТІ ТӘРБИЕНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІМЕН ТАНЫСТЫРУ;
- ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ САНАЛЫ ӘКЕ БОЛУДЫҢ ҰЛТТЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК БЕРУ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР:

- ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ
- АТА-АНАЛЫҚ ҚАДІР-ҚАСИЕТ
- ОТБАСЫЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК
- АТА-АНАЛЫҚ ПАРЫЗ
- ОТБАСЫЛЫҚ ИГІЛІК



ҚАБАН ЖЫРАУ:

- БАҚЫТ, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?
- ТУЫСЫМЕН ТАТУЛЫ
ЖАМАН СӨЗ ЖОҚ ШАТУЛЫ
ЫНТЫМАҚТЫ ҮЙГЕ БАРАМЫН.



- Позитивті ата-ана мәселесі тәрбие құралы ретінде жан жақты зерттелген. Әлемнің 25 елінде 30 жылдан астам уақыт жүргізілген зерттеулер позитивті ата-ана болу принциптерінің Жапон балалары мен еуропа балаларына бірдей әсер ететінін көрсетті.
- 2018 жылы БҰҰ ата-аналардың дағдыларын дамыту бағдарламалары арасында позитивті ата-ана бағдарламасының бағасы жоғары екенін ресми түрде мойындады.
- БҰҰ Балалар қоры (UNICEF) бұл бағдарламаны 2015 жылдан бері насихаттап келеді. Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті 2006 жылы «позитивті ата-ананы» қолдау бойынша ұсыныстар қабылдады. Ұсыныстарды Министрлер комитеті 2006 жылғы 13 желтоқсанда министрлердің тұрақты өкілдерінің 983-ші отырысында қабылдады.
- Қазақстан Республикасы Еуропа Кеңесінің мүшесі болғандықтан бұл ұсыныстарды қабылдады. Біздің еліміз негізгі халықаралық құжаттардың көпшілігін ратификациялады және отбасыларды қолдау мен балаларды дамытуға қатысты негізгі еуропалық ұстанымдарды мойындайды.

ПОЗИТИВТІ АТА-АНА



СҰРАҚТАР

- **ПОЗИТИВТІ АТА-АНА ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?**
- **ПОЗИТИВТІ ТӘРБИЕ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?**
- **ПОЗИТИВТІ ТӘРБИЕНІҢ ҚАНДАЙ ҚАҒИДАТТАРЫ БАР?**



ПОЗИТИВТІ АТА-АНА ДЕГЕНІМІЗ - АТА-АНАЛАРДЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫН БҰҰ-НЫҢ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯСЫНДА АЙТЫЛҒАНДАЙ ҚҰРМЕТТЕУІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТОЛЫҚҚАНДЫ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ТАЛУЫ.



ПОЗИТИВТІ АТА-АНА – БҰЛ БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН, ОНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН, ҚАЛАУЫН, БЕЛГІЛІ БІР МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ СЕБЕПТЕРІН ТЕРЕҢ ТҮСІНУГЕ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАҚСЫ КӨРУГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕ СТИЛІ. БҰЛ СТИЛЬ БАЛА МЕН АТА-АНА АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚҚА, БІР-БІРІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУГЕ, ӨЗАРА ҮНТЫМАҚТАСТЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН.



ПОЗИТИВТІ ТӘРБИЕ – БҰЛ БАЛАЛАРДЫҢ ПЕРІШТЕДЕЙ ПӘК БОЛЫП ТУЫЛАТЫНЫН ТҮСІНУ, ОЛАРҒА ДҰРЫС ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ. ЖАМАН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАЗАЛАУ ЕМЕС, БОЛАШАҚТА ДҰРЫС МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ТЫРЫСУ.



ПОЗИТИВТІ АТА-АНАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

1-қағидат. Басқаларға ұқсамау - қалыпты жағдай.

2-қағидат. Бала қателік жіберсе ештеңе етпейді.

3-қағидат. Жағымсыз эмоциялар көрсету қалыпты жағдай.

4-қағидат. Баланың көп нәрсені қалауы – қалыпты жағдай.



5-қағидат. Келіспеушілігін білдіру - қалыпты жағдай.

ПОЗИТИВТІ АТА-АНАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

БАСҚАЛАРҒА ҰҚСАМАУ - ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙ.

СЕН

**ЖҰРТТЫҢ
БАЛАСЫ**



ЖҰРТТЫН БАЛАЛАРЫ

**ОЛ
ТЫНДАЙДЫ**

**АНАГАН КАРАШ ЖАКСЫ
ОКИДЫ**

**ЖҰРТТЫН
БАЛАЛАРЫ**

**ОДАН КАЙ ЖЕРИН
КЕМ**

**КАРАШЫ МАКЕНИН
БАЛАСЫНА**

ЖАЛКАУСЫН

risovach.ru

ПОЗИТИВТІ АТА-АНАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

БАЛА ҚАТЕЛІК ЖІБЕРСЕ ЕШТЕҢЕ ЕТПЕЙДІ

"Бала не үшін өтірік айтады?! Жалпы, өтірік айтуға не итермелейді?! Шындықты айтсақ, жазаланамыз деп ойлайды. Таяқтан не жазадан құтылудың бірден бір жолы алдау деп түсінеді. Себебі, біз баламыздың қателігін қатты қабылдаймыз. Оларға қателесуге мүмкіндік бермейміз. Қателік жасаса, айтар алғашқы сөзіміз – "Қазір таяқ жейсің!". Әлбетте, бала таяқ жегісі келмегендіктен, өтірікпен достасады. Қателесу – бала тұрмақ, ересек адамдарға да қалыпты жағдай. Себебі біз қателесіп барып, түсінеміз. Жығылып жатып, ұғамыз. Сүрініп барып, қайраламыз. Ал егер ата-ана баланың әрбір қателігіне тым қатал қарар болса, оның алға қарай жүруі, аяқ алысы ауырлап кетеді. Есейсе де, әр қателікті өзін-өзі жазалаумен өтейді"



КАЙДЗЕН ӘДІСІ:

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙТІН ЖЕТІЛІК

1. Баланың әр сұрағына жауап беріп, тығыз байланыстың фундаментін қалайық;
2. Баламен бірге ойнап, сеніміне кіруге тырысайық;
3. Баланың көзінше гаджеттер пайдаланбай, баланы өтірік айтудан алыстатайық;
4. Баламен бірге кітап оқу арқылы, білімін арттырайық;
5. Баланың «көмегіне» жүгіну арқылы, еңбекқорлыққа, мейірімділікке, жанашырлыққа тәрбиелейік;
6. Баламен «ақылдасу» арқылы, өзінің керек екенін сездіндірейік;
7. Жиі сыйлық жасап, мақтап, жетістігіне бірге қуану арқылы баланы қуанып, жігерлендіріп, білімге, өмірге деген құлшынысын арттырайық!

БЕЙНЕРОЛИК КӨРУ

<https://youtu.be/U4MuWuvFIZU> (85 сек)

БАЛА БОЙЫНА ТЕК
ЖАҚСЫ ДҮНИЕЛЕРДІ
СІҢІРІҢІЗ

АТА-АНАЛАР ҮШІН
БАЛА БОЙЫНА
ЖАҚСЫ ДҮНИЕЛЕРДІ
СІҢІРУ НЕГЕ
МАҢЫЗДЫ ДЕП
ОЙЛАЙСЫЗ?



Тәрбиенің оң әдістерімен тәрбиеленген балалардың өзін-өзі бағалауы жоғары болады. Олар басқа балалар жасаған нәрсені өзінің де жақсы етіп жасай алатынына сенеді.



Өзіне сенімді, табанды балалар беталды қақтығыса бермейді, ата-аналарын жақсы көріп, жағымды қарым-қатынас жасайды. Өйткені олардың психологиялық саулығы қалыпты.



Позитивті ата-аналардың балалары әлеуметтік мәселелерді шешуде жақсы дағдыларға ие. Олар өте байсалды және өз деңгейін, мүмкіндігін жақсы біледі.

Позитивті ата-ананың тәрбиесінен тек балалар ғана ұтпайды, ата-ананың өзі үшін де оң әсері көп. Зерттеушілер ондай ата-аналардың өзін-өзі бағалауы артып, беріп жатқан тәрбиесінің дұрыстығына сенімді болатынын айтады.

Балалары көп нәрсені өз беттерінше жасай алатындықтан бала тәрбиесіне қатысты күйзеліске түспейді.



Бейнеролик көру (60 сек.)

**АЛ СІЗ ҚАНДАЙ ІЗ
ҚАЛДЫРАСЫЗ?**

<https://www.youtube.com/watch?v=aokeR5j5NIQ>

РЕФЛЕКСИЯ

Маған ұнаған 2 нәрсе:

1 ...

2 ...

Жетілдіру керек:

1 ...

2 ...

ТІЛЕГІҢІЗ...

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!**